

"Бекітемін»

Қостанай облысы әкімдігінің білім
басқармасы
КМҚК "Қостанай
педагогикалық колледжі»
Уразамбетова Г.
" 24 " қыркүйек 2020 ж.

"Келісілді»

Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының ТЖКБ әдістемелік
кабинеті басшысының орынбасары
Бокаева М. Бокаева
" 24 " қыркүйек 2020 ж.

**Г. Н. ПОТАНИННИҢ ТУҒАНЫНА 185 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН
"ГЕОГРАФИЯ ЭРУДИТІ-2020» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы мәліметтер

1.1. Осы Ереже Г.Н.Потаниннің туғанына 185 жыл толуына арналған "География эрудиті-2020" Халықаралық географиялық олимпиадасының (бұдан әрі-Олимпиада) мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оны ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1 курс білім алушылары арасында олимпиадаға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін қарастырады.

1.2. *Ұйымдастырушылар:* Қостанай облысы білім басқармасының "Қостанай педагогикалық колледжі" КМҚК, жаратылыстану-гуманитарлық пәндер кафедрасы.

1.3. *Өткізілу мерзімі:* 2020 жылдың 12-14 қазан аралығы

1.4. *Олимпиада құрылымы:*

1 кезең – тестілеу

2 кезең – олимпиадалық тапсырмаларды шешу.

1.5. *Қазылар алқасының құрамы:* олимпиаданың ұйымдастыру комитетімен құрылады ("Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай педагогикалық колледжі" КМҚК).

1.6 Олимпиада мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі.

Олимпиадаға қатысу үшін төлем төленбейді.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Олимпиаданың мақсаты-білім алушылардың ой-өрісін кеңейту және географияны оқуға қызығушылығын дамыту, ғылыми білімді тарату және танымал ету, дербестікке, мақсатқа ұмтылушылыққа, еңбексүйгіштікке, ерік-жігерге тәрбиелеу.

2.2 Олимпиаданың міндеттері:

- оқушылардың географияны оқуға деген қызығушылығын арттыру;

- оқу процесіне ақпараттық технологиялар мен қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу процесін ынталандыру;
- білім алушыларда өз білімдерін практикалық қызметте пайдалану біліктерін қалыптастыру;
- білім алушыларды табиғи және әлеуметтік объектілер мен құбылыстарды зерттеудің олар үшін қол жетімді әдістерімен қаруландыру.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1 Олимпиадаға қатысу үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1 курс студенттері шақырылады. Олимпиадаға қатысушылардың тізіміне ену үшін қатысуға өтініш (1-қосымша) негіз болып табылады.

4. Олимпиаданың өткізілу тәртібі

4.1.Олимпиада қашықтан өткізілу форматында Google Test және Zoom платформаларын қолдана отырып өткізіледі.

4.2.Өтініштерді қабылдау 2020 жылдың 6-9 қазан аралығында «Географиялық олимпиада» белгісімен мына электрондық мекенжай бойынша жүзеге асырылады: kafedra.egd@mail.ru

4.3. Бірінші кезең-тестілеу (Google Test) - 2020 жылдың 12 қазан күні сағат 12.00-де өткізіледі. Олимпиаданың келесі кезеңіне өту үшін қатысушы ықтимал 30 баллдан кемінде 20 балл жинауы тиіс.

4.4. Екінші кезең-олимпиадалық тапсырмаларды шешу (ZOOM платформасы) - 2020 жылдың 14 қазан күні сағат 14.30-да өткізіледі. 30 минут ішінде онлайн режимінде қатысушы 3 олимпиадалық тапсырманың шешімін тауып kafedra.egd@mail.ru поштасына жіберуі тиіс

4.5 Тест тапсырмалары географияның барлық курсына қамтиды, олимпиадалық тапсырмалар логикалық ойлауды қолдану арқылы шешім қабылдауға бағытталған.

5. Олимпиаданы қорытындылау және марапаттау

Олимпиаданы қорытындылау Zoom платформасында 2020 жылдың 14 қазанында сағат 17.00-де өтеді.

Конкурс жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, ал қалған қатысушыларға сертификат беріледі.

Олимпиадаға қатысуға шақырамыз!

Байланыс телефондары:

Кравченко Татьяна Николаевна, жаратылыстану – гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі - 87076654608

Демесинова Жанна Болатовна, жаратылыстану – гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы – 87782033618

электрондық мекенжай: kafedra.egd@mail.ru

1 қосымша

Г.Н.Потаниннің туғанына 185 жыл толуына арналған
"География эрудиті-2020" халықаралық географиялық олимпиадасына
қатысу үшін өтініш

Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
Ел	
Қаласы	
Білім беру мекемесінің атауы	
Курс, топ	
Қатысу тілі (орыс, қазақ)	
Оқу орнының мекен-жайы	
Байланыс деректері (телефон нөмірі (Whatsapp)	
Электрондық пошта мекенжайы	
Қосымша ақпарат	

